



ШЕШІМ

16.03.2022

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

№

151/22-VII

город Нур-Султан

**«Нұр-Сұлтан қаласына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі комиссияның құрамы туралы»
Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
2019 жылғы 23 тамыздағы №421/54-VI
шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің ұсынысын қарап, 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы №421/54-VI «Нұр-Сұлтан қаласына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі комиссияның құрамы туралы» шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімнің қосымшасында:

Нұр-Сұлтан қаласына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) құрамына енгізілсін:

Бекмурзаев – Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің
Ерлан Орынбасарұлы орынбасары

Абдуалиев – «Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар
Азамат Ғаниұлы және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы»
мемлекеттік мекемесі басшысының
орынбасары

Комиссияның құрамынан М. Е. Бектұрова, Б. У. Мұхиядинов шығарылсын.

Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы

Е. Каналимов